

Келісім-шарт балаларға медициналық қызмет көрсету

Жезқазған қ.

" 10 " 06 2021ж.

Бұдан әрі «Кошумбаева» ЖШС деп аталатын **Отбасылық денсаулық орталығы «Кошумбаева» Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі** атынан Жарғы негізінде әрекет ететін, бірінші тарап, директор Кошумбаева Күлзипа Мукиевна және бұдан әрі «Мектеп-интернаты» деп аталатын **Қарағанды облысы білім басқармасының «Өркен» мамандандырылған мектеп-интернаты» КММ** атынан Жарғы негізінде әрекет ететін, екінші тарап, директор Бажибаева Алия Сулейменовна төмендегілер туралы осы Шартты жасасты:

1. Шарттың мәні

1.1. Осы Шарт тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін көрсету шеңберінде Қарағанды облысы білім басқармасының "Өркен" мамандандырылған мектеп-интернаты" КММ-де оқитын балаларға медициналық қызмет көрсетуді ұйымдастыру мақсатында жасалды.

1.2. Бюджет қаражаты есебінен тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін көрсету шеңберінде медициналық қызметтер көрсетуді ескере отырып, осы Шарт өтеусіз негізде және айқындалмаған мерзімге жасалады.

2. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

2.1. «Кошумбаева» ЖШС міндеттері:

2.1.1. Мектеп-интернатта оқитын балаларға ТМККК шеңберінде өтеусіз негізде медициналық қызметтер көрсету.

2.1.2. Медициналық қызмет көрсетуді орталық аурухананың медициналық қызметкері мектеп-интернатта орналасқан медициналық кабинеттерде жүзеге асырады.

2.1.3. Орталық аурухана мектеп-интернатта медициналық қызмет көрсетудің уақтылығы мен сапасын бақылауды жүзеге асырады.

2.2. Мектеп-интернатының міндеттері:

2.2.1. Мектеп-интернатта оқитын балаларға медициналық қызмет көрсету үшін кабинет бөлу және жағдай жасау.

2.2.2. Медициналық қызметкерді медициналық көмек көрсетудің шұғыл қажеттілігі жағдайлары туралы хабардар ету.

2.3. Тараптар медициналық қызмет көрсетуді жүзеге асыру, оның ішінде жоспарлы медициналық қарап-тексерулерді және өзге де медициналық манипуляцияларды ұйымдастыру кезінде өзара іс-қимылды қамтамасыз етуге міндеттенеді.

3. Тараптардың жауапкершілігі

3.1. Тараптар мектеп-интернаттың медициналық кабинетінде уақтылы және сапалы медициналық қызмет көрсету үшін ортақ жауапкершілікте болады.

3.2. Заңнама талаптары бұзылған жағдайда Тараптар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жауапты болады.

4. Қорытынды ережелер


4.1. Осы Шартты орындау кезінде туындауы мүмкін барлық даулар мен келіспеушіліктерді Тараптар келіссөздер жолымен, оның ішінде жоғары тұрған уәкілетті мемлекеттік денсаулық сақтау және білім беру органдары арқылы шешуге міндеттенеді.

4.2. Осы Шарт Тараптар қол қойған сәттен бастап күшіне енеді және белгісіз мерзімге қолданылады.

4.3. Осы Шарт емхананың қызмет көрсету аумағының орналасуы өзгерген, заңнама өзгерген жағдайда не тараптардың іс-әрекеттері мен ерік білдіруіне бағынбайтын өзге де жағдайларда тараптардың келісімі бойынша бұзылуы мүмкін.

4.4. Осы Шарт бірдей заңды күші бар Тараптардың әрқайсысы үшін бір-бірден мемлекеттік тілде 2 данада, орыс тілінде 2 данада жасалды.

5. Тараптардың заңды мекенжайлары мен қолдары

Орталық аурухана	Тапсырыс беруші
Отбасылық денсаулық орталығы «Кошумбаева» ЖШС	Қарағанды облысы білім басқармасының «Өркен» мамандандырылған мектеп- интернат» КММ
Жезқазған қ, Асылбекова 84 - 58 БИН 011240007038 Тел: 8(7102)999709	Жезқазған қ, Алашахан даңғылы 43Д БИН 170840002434 тел: 8(7102)776160 Email: orkenschool@mail.ru
 МО 	 МО 

Кошумбаева К.М.

Бажибаева А.С.